



BUINGI SANDA



ÓTKENDI TANÝ – ÓMIR QÝATY



OTYRAR MURASY



QOLÓNERDEN DERTINE SHIPA TAPQAN

2 >>>

3 >>>

4 >>>

## «ҚАЗГЕРМУНАЙДА» ЖАҢА БАСШЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «ҚазГермұнай БК» ЖШС-ның бас директоры қызметін атқарған Есен Қайыржанды басқа жұмысқа ауысуына байланысты құттықтап, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін облыстың Құрмет грамотасымен марапаттады.

Есен Қайыржан мұнай өндіру саласында 30 жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді. Соның 23 жылын Сыр өңіріндегі мұнай саласының өсіп-өркендеуіне арнаған.

«ҚазГермұнай БК» ЖШС ширек газшылық тарихында еліміздегі айтулы мұнай өндіруші компаниялар қатарынан көрініп, үлкен жетістіктерге жетті. Оған қоса әлеуметтік жауапкершілікті



сезініп, жақсы бастамалардың бел ортасынан табылды. Сондай-ақ, аймақ басшысы «ҚазГермұнай БК» ЖШС бас директоры қызметіне кіріскен М.Мұстафаевты таныстырды. Жаңа басшы Сыр өңірінің тумасы, еліміздегі ірі мұнай компанияларында еңбек етіп, «Қазақ мұнай газ ғылым-зерттеу және жобалау» институты акционерлік қоғамын басқарған.

«СБ» ақпарат.



## Интернет-конференция

2018 жылғы 28 қарашада сағат 10.00-16.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.Көшербаевтың қатысуымен «Қызылорда облысында жаппай кәсіпкерлікті дамыту туралы» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.



## NAZARDAĞY NYSAN

# «ӘЛСЕЙІТТЕ» ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Қазалы ауданының аумағында Сырдария өзенінің «Абай», «Қарлан» және «Әлсейіт» учаскелерінде 3 қалқымалы көпір мен Байқожа елді мекені тұсында жылжымалы паром орналасқан. Қалқымалы көпірлер арқылы өзеннің сол жағалауындағы 18 ауылдың 16 мыңға жуық халқы аудан орталығына қатынайды. «Байқожа» паромы – Ақсуат пен Байқожаның тұрғындары үшін сол жағалаудағы мал жайылымдары мен шабындықтарға, Сарбұлақ, Сортүбек ауылдарына баратын өткел.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Ал Сарыкөл ауылдық округіне қарайтын елді мекендердің халқы «Абай» қалқымалы көпірін пайдаланып келеді. «Қарлан» қалқымалы

көпірі Өркендеу, Бірлік, Лақалы, Отгон, Тасарық, Қожабақы, Аранды, Бөзкөл, Көкей және Ажар тұрғындарын аудан орталығымен байланыстыра-

ды. «Әлсейіт» учаскесіндегі көпір өткелін Бекарыстан би, Жалпақ, Майдақол, Түктібаев, Қожабақы, Аранды елді мекендерінің 8 мыңнан астам халқы пайдаланып отыр. Оған қоса қоныс қонған Арал ауданының Қызылжар, Қосжар, Жетес би, Аманөткел, Жанакұрылыс, Қаратөре және Бөген тұрғындары, балық шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер де «Әлсейіт» өткелінен өтеді. Осы учаскеге көптен күткен көпір салу мәселесі шешімін тауып, құрылыс басталғалы жылдан асты.

Көпірдің ұзындығы – 219, ені 12 метр. Автокөлік жүре-




тін екі жолақты жолы, жаяу жүргіншілерге арналған тротуары бар, 180 тонналық келікті көтере алады. Қазір №4 және 7 тіреулер аралығындағы конструкция элементтер бетондалып, аралық балкаларды бетондауға арматурадан қаңқа тоқылуда. Құрылысшылар 2 ауысыммен жұмыс істейді. Нысан басына құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған қосалқы электр станциясы орнатылған. Жоба құны 2,7 млрд теңгені құрайды. Бас мердігер «КА-Строй ЛТД» ЖШС жобасметалық құжаттарға сәйкес жұмыс жүргізуде. Көпір алдағы жылы пайдалануға берілетін.

Облыстық жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Қ.Әбсұлтановтың айтуынша, су көбейген кезде жол қатынасы қиындығын туғызатын «Қарлан» учаскесіне көпір салу үшін техника-экономикалық негіздеме әзірленуде.

Жалпы облыс аумағында облыстық, аудандық маңызы бар жолдар бойына орналасқан көпірлерді жөндеудің жол картасы бар. Осыған сәйкес көпірлер кезең-кезеңмен жөндеуден өткізіледі.

Қазалы ауданы.



## MEMLEKETTİK-JEKEMENSHİK ÁRIPTESTİK

# ЕЛ ҚАЗЫНАСЫНА ҮНЕМ, БИЗНЕСКЕ МҮМКІНДІК

Ел экономикасы үшін тиімді тетік саналған мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің нәтижесі сезілуде. Әсіресе, соңғы жылдары ел құлағына сіңісті болған билік пен бизнес арасындағы қарым-қатынастың жаңа белесі талай ауыл-аймақтағы жоктың орнын толтырғаны рас.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Облыс орталығындағы «Тарлан» спорттық-сауықтыру кешені, 400 келушіге арналған емхана, Сырдария ауданына қарасты Ақжарма ауылындағы дәрігерлік амбулатория, Жалағаш ауданы Таң ауылдық округінде 90 орынға арналған балабақша, жақында ғана пайдалануға берілген Жанакорған ауданы Сүттіқудық ауылындағы спорттық-сауықтыру кешені секілді тізбектеске жалғасып кетсе беретін осындай игілікті істер мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің айқын нәтижесі.

Мамандар пікіріне сүйенсек, бұл дамыған мемлекеттер тәжірибесінде бар. Тиімділігі, мемлекет өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асырады және инфрақұрылымдық жүйелерді дамытуды жылдамдатады. Бұл орайда жергілікті бюджетке түсетін ауыртпалық айтарлықтай жеңілдейді. Тағы бір айта кетерлігі, озық технологиялар мен тәсілдерді пайдалана отырып, қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Жұмыссыздық мәселесін шешуде де тиімді екенін ескерген жөн.

Ал, инвестор өзінің орындаған жұмысы, салған объектісі және көрсеткен қызметтік шығындары мен белгілі бір деңгейдегі пайданы МЖӨ шартының талаптарына сәйкес өтей алады және оған мемлекет кепіл беретіндігі. Атап айтарлық, бизнес мемлекетпен ұзақ мерзімді, тұрақты шарт жасай отырып, болашаққа жоспар жасай алады.

Қаз басында облыста Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің көшпелі отырысы өтті. Сонда отырыс жұмы-



сын қорытындылаған комитет төрайымы Б.Әйтимова: «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде салынған бірқатар балабақша, нысандардың жұмысымен таныстық. Әріптестерімізбен бірге Қызылорда облысындағы бұл тәжірибені үздік үлгі ретінде республика бойынша енгізу керек» дегенді алға тартқан еді. Аймақ басшысы бұл ретте «Мемлекеттік-жекеменшік

әріптестік механизмін нақты инвесторлар қызығушылық танытқан жобалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін ғана пайдалану керек. Өйткені жобаларды іске асыру инвестор үшін кіріс деңгейін қамтамасыз етіп ғана қоймай, мемлекет тарапынан оларға өтемақы мөлшерін барынша азайтуға, қажетсіз шығындарды жоюға мүмкіндік береді» деген еді.

3-бет



## «BAIKONYR INVEST»

X ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМЫ ӨТЕДІ

Іс-шара 3-4 желтоқсанға жоспарланып отыр. Форумның тақырыбы: «Жасыл» экономика – өмірді дамытудың жаңа бағыты» деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Биылғы форумның негізгі тақырыбы жаңа технологиялар мен «жасыл кластерлерді» енгізу және өңірдің табиғи әлеуетін жаңартылатын энергетика, ауыл шаруашылығы, су ресурстарын басқару, қалдықтарды пайдаға асыру және басқа да секторларда пайдалану мәселелерін талқылау болмақ.

Форумға Испания, Франция, Болгария, Қытай, Корея, Түркия, Ресей, Өзбекстан және өзге елдерден ресми тұлғалар мен бизнес-құрылымдардың өкілдері қатысады деп жоспарлануда.

Форум аясында пленарлық отырыс және 4 секцияның жұмысы өтеді. Мұнда ЖЭҚ бойынша жобаларды енгізу мәселелері, ТКШ энерготімділік, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, «Цифрландыру. Smart city», АӨК-дегі «Жасыл технологиялар», су және жер ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру, «Жасыл эконо-

әкімдігі арнайы қатысушылар үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағына «Союз-МС» зымыраның ұшырылуын бақылауға экскурсиялық тур ұйымдастырады.

Форум модераторы - BBC World News коммерциялық өкілдігінің басшысы Сергей Становкин.

Форум спикерлері: Француз Республикасының сенаторы Пьер Кабарэ, ҚР Ақпарат және коммуникация вице-министрі Дарын Тұяқов, ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Инвестиция комитетінің төрағасы Ерлан Хаиров, «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» ҰАК басшысы Рапиль Жошыбаев және басқалар.

«Форумның негізгі мақсаты – шетелдік және отандық инвесторлардың өңір компанияларымен өзара тиімді әріптестік орнату, инвестициялық жобаларды іске асыру, өңір эконо-



миканы дамытуда МЖӨ тетіктерін қолданудың жаңа мүмкіндіктері» қаралады.

Шара барысында инвестицияларды қажет ететін жобалар көрмесі, B2B, G2B, G2G форматындағы кездесулер, сондай-ақ, бірқатар меморандумдар мен келісімдерге қол қою рәсімі ұйымдастырылады.

Дәстүр бойынша, облыс

қасын әртараптандыру мен жаңғырту үшін бизнес, ғылым және билік өкілдерінің күш-жігерін біріктіру», - дейді облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким.

Форумның ақпараттық серіктесі – «Sputnik Kazakhstan» АА.

«СБ» ақпарат.

### ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты мерзімді басылымдарға 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүргізіледі.

Келер жылы жарыққа шыққанына 90 жыл толатын аймақтың ана басылымы – «Сыр бойының» асты ұстанымы – оқырманға оқаладық. Ең алдымен, келер жылы да байырғы басылым мен оқырман арасындағы байланыс беки түседі деп сенеміз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы:  
Мекемелер үшін – 4000 теңге  
Жекекелер үшін – 3000 теңге

Бір жылға жазылу бағасы:  
Мекемелер үшін – 8000 теңге  
Жекекелер үшін – 6000 теңге

БАСПАСӨЗ-2019



# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТИ ҚЫРЫ

## Өткенді тану — өмір қуаты

Елбасы жариялаған бұл мақаланың қазіргі қоғам үшін де, болашақ ұрпақ үшін де маңызы зор. Адамзат баласы Жерден күш-қуат алады. Менің түйген ойым — еліміз, жеріміз, туған Отанымыздың тарихына, ата-бабаларымыздың өмірімен өрнектелген ұлт құндылықтарына үнілетін уақыттың жеткендігі. Осы мақалада нақты міндеттер белгіленіп, тапсырмалар берілген.

Біз қазір балабақша, мектептерде мемлекеттік тілмен қоса орыс, ағылшын тілдерін оқытуға жүзеге асырып келеміз. Ендігі кезекте, елдің елдігін сақтап қалу негізінде, жердің байлықтарын қорғау үшін оның қадір-қасиетін түсіндіріміз,



бұған дейін де «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетіп берген болатын. Облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен орталық жақында жаңа бастаманы қолға алды. Біз жергілікті ақын-жазушылардың еңбектерін зерттей, мұрағаттан қарай отырып, 10 түрлі «Әңгімелер жинағын» шығарып үлгердік. Қазіргі таңда әр азамат өзінің алған білімін өз өмірінің сапасын жақсартуға жұмсай алатындай деңгейге жетуі керек. Соны өзіне мақсат, өмірлік бағдар етіп алуы керек. Бұған өз кезегінде облыстық әйелдер кеңесінің де ықпалы ерекше. Өз ұрпағымыздың білімді, бәсекеге қабілетті, ұлтжанды азамат боп қалыптасуына аналар да жұмыла жұмыс жасайтынына сенімдімін.

**Нүрсәуле МҰСАЕВА,**  
«Облыстық тілдерді оқыту орталығының» директоры.

Халықтың өзі сенген адамға артқан аманаты азамат арқалар жүктің ауыры әрі абыройлысы болса керек.

«СМП-Қызылорда» ЖШС директоры, Қазақстанның құрметті құрылысшысы Темірхан Әлімқұлов V-VI шақырылған облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланып, халық аманатын орындауға көп күш-жігер жұмсаған азамат.

Дүйсенбек АЙШУЛЫ.



## ҚҰРЫЛЫСҚА ҚАНАТ БАЙЛАП, АМАНАТТЫ КІР ШАЛДЫРМАЙ...

№25 Шиелі сайлау округі бойынша 2012-2014 жылдарда Бидайкөл, Н.Бекежанов ауылдарындағы 600 орындық мектептердің құрылысы уақытылы және сапалы аяқталды.

«Жиделі» топтық су құбырын елді мекендерге қосу ісі қолға алынып, орындалды.

«Жұмыспен қамту — 2020» бағдарламасы аясында қала мен Шиелі ауданының тұрғындарының жұмыс орындарымен қамтамасыз етуді назарда ұстады.

№15 «Ғарышкер» сайлау округі бойынша депутат 2016 жылы Қызылорда қаласындағы Сүлеймен ишан көшесіне жаңа асфальт төселуін өз жауапкершілігіне алды. «Шанхай» аумағы көшелері аяқ сумен қамтылды.

Республикалық «Мектепке жол» акциясын қолдап, қаладағы төрт орта мектептің 40 оқушысына мектепке қажетті құрал-жабдықтар берілді. «Наурыз шапағаты» акциясымен қала тұрғыны С.Сәрсенбаевтың отбасына азық-түлік, балаларына киім-кешек алынды.

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалына хат жолдап, көмек сұраған қала тұрғыны Н.Мүсілімованың үйіне сантехникалық жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Материалдық жағдайы төмен отбасыларына көмір түсіру, оқудағы балаларының толемақысына көмектесу немесе жазғы тынықты лагерлеріне жолдама беру сияқты демеушілік істердің тізімі ұзын.

Ең бастысы, мекеме басшысы өз жұмысшылары болсын, өзге адам болсын, жағдайын айтып келгендерді жоқ деген сөзбен қайтарған емес.

Мына бір оқиғаны мысалға келтіретсек, депутаттың азаматтық болмысын аша түскеніміз болар еді.

...Ол бірде көлігіндегі радионы қосып қалса «Жан шуағы» деген хабар жүріп жатыр екен. Өңтіме орта жала келіп қалғандықтан қызылордалық жеті балалы аның үйісіз-күйсіз жүргендігін ғана түсініп қалады. Жұмысына келеді де, қызметкерлеріне жаңағы хабар кейіпкерін табындар деп тапсырма берді. Олар Алматыға телефон соғып, хабардың авторымен сөйлесіп, әлгі кісінің мекен-жайын алады. Сөйтіп, Темірхан Әлімқұлов радиобағдарда айтылған көпбалалы

ана Назерке Қадірге 2017 жылы 3 бөлмелі пәтер сыйлайды. Ол кісінің өзі бұл жайында баспасөзге айтуды құл қормесе де біз сауапты істі көп құлағына жеткенін қалады.

Ал, 2018 жылы мүгедектік топтағы азаматша Райхан Жүнісовқа 2 бөлмелі пәтер сый есебінде берілген. Аталған адамдардың мекемеге қатысы жоқ. Қайырымдылықтың нағыз мұқтаж жандарға көрсетілуі — мекеме басшысының негізгі ұстанымы.

Соңғы жылдары Қызылордала қаншама шағын аудандар бой түзеу, әдемі ғимараттар еңсе тіктеді. Сырдарияның сол жағалауынан жаңа қаланың құрылысы биыл өзінің алғашқы тұрғын үйлерін пайдалануға бермек. Сол жетістіктерге «СМП-Қызылорда» ЖШС-ның қосып отырған үлесі бір төбе.

Серіктестіктің өндірістік қуаты әлеуетті, кәсіби техникалармен толық жабдықталған, 245 адам еңбек етеді. Оның құрамында — лай-бетон дайындау торабы, ағаш құрылымы, механикалық, пластикалық бұйымдар, шағын тегісбетон бұйымдарын жасау, қозғалыштарды орау цехтары, екі бетон зауыты және база аумағында еңішлес серіктестік есебінде жұмыс істейтін кірпіш зауыты бар.

Республикамыздың өзге аймақтарында атқарылған жұмыстарды атамай-ақ, мекеменің соңғы жылдары өз аймағымызда жасаған игі істерін тзіп шығудың өзі бір мақала аясына сыймайды.

Сонда да болса: Шиелі ауданының Ортақшыл ауылындағы 250 орындық Тәжібаев елді мекеніндегі 300 орындық, Бала би аулындағы 900 балаға арналған мектеп, Байгекүмдағы 150, Сұлутөбегедегі 240 орындық клуб пайдалануға берілді.

Жаңақорған ауданының Талап пен Томенарық елді мекеніндегі 300 орындық 2 мектеп, Қыраш ауылындағы 200 оқушыға арналған мектеп құрылысы, жазғы тынықты лагері, Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалдық кешенін қайта жаңғырту жұмысы орындалды.

Қызылорда қаласы «СПМК-70» ауданындағы 60 пәтерлік, «Арай» шағын ауданындағы 50 пәтерлік 2 тұрғын үй, Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі 60 пәтерлік көпқабатты үй, сондай-ақ мекеменің өз есебінен

Сырдарияның сол жағалауындағы 5 қабатты тұрғын үй бой көтерді.

Бүгінде Шиелі кентінде 150 төсектік аудандық аурухана құрылысы жүргізіліп жатыр.

«...Қорқыт ата кешені басындағы жұмыс күндіз-түні толастамады. 2-5 тонналық гранит тастар Қордайдан әкелінді. Жұмыс басталғанда қаражат жағының кешеуілдеп қалғаны да бар, сол кезде мердігер «СМП-Қызылорда» басшысы жұмысты өз мекемесі есебінен бастап кетті. Кесенеге кіреберістегі музей мен әкімшілік жайына қымбат қаптамалар жапсырылды, мұны да мекеме өз есебінен жасады. Жүздеген бөлшектер тұратын қобыз пішінін мемориалдың бас стелласын қайта құрастыруға нағыз шебер қолдар керек еді. Міне, осыны «СМП-Қызылорда» құрылысшылары шебер орындады.

Қорқыт ата мемориалдық кешені — Сыр елінің бренді. Ал, біз айтпай отырған «СМП-Қызылорда» облыстық брендіне айналған мекеме. Осылай деп айтуды толық негіз бар» — дейді сол жылдары облыстық құрылыс басқармасының басшысы болған Сержан Наметша.

Мекеме мұқтаж отбасыларға және демеушілік қажет ететін мекемелерге қол ұшын созып, қайырымдылық жасау ісін ешқашан естен шығармаған.

Бұл мекеме қанша кадрларды өсірді. Жұмысшы болып кіріп, таңдаған мамандығымен еңбек етіп жатқандар жетерлік. Жастарды бейімділігіне қарай оқыту, тәжірибелі мамандарды жеңіл автокөлік мінгізіп көтермелеу — мекемеде үрдіске айналған іс.

Осындай еңбектерінің арқасында Т.Әлімқұлов ҚР Ұлттық Бизнесрейтингі бойынша «Құрылыс саласындағы еңбегі үшін» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Қызылорда қаласының және Шиелі ауданының Құрметті азаматы ағалы.

Ол депутат есебінде де, мекеме басшысы есебінде де елжұртпен тығыз байланыс орнатып, заманымыздың Атымтай жомартына айналған кісі. Мұны біз осы құрылыс мекемесіне 60 жыл толып отырған кезеңде көпшілік көңіліндегі ризашылық сөз есебінде айтуды парызымыз деп білдік.

**Е.АПЕТОВ,**  
облыстық ветеринария басқармасының басшысы.

## Тарих — асыл қазына

Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жұртшылыққа үлкен серпін берді деп есептейміз. Тарих — асыл қазына. Тарихтың білмеген өзінің және елінің дамуына толыққанды үлес қоса алмайды. Елбасы өз мақаласы арқылы ұлт тарихын танудағы жаңа кезеңге қадам басуға шақырды. Әлем сахнасында Қазақстан өзінің лайықты орнын алуы керек. Себебі, біздің еліміз экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық жағынан, әсіресе тарихи тұрғыдан мықты қалыптасқан мемлекет.

Дамыған елдерде үстел кітапшасы ретінде, үш кітапты ерекше құрметтеп, жатқа біледі екен. Біріншіден, ол та-



рих, екіншіден — діни кітап, ал үшінші кезекте ата заң екен. Сол себепті, 30 дамыған елдің қатарына қосылуда біз осы үрдісті ұстансақ, ұтылмаймыз. Алайда, тарих нақты деректермен құрылуы қажет. Демек, ғалымдар әр уақытта ізденісте болып, жаңалықтар

ашуға дайын болғаны абзал.

Мақала екі үлкен бөлікке бөлінген: біріншісі — Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт болса, екіншісі — Тарихи сананы жаңғырту деп аталады. Алғашқы бөлімі тарихи бар дүниелерді және олардың ерекше тұстарын баяндаса, екінші бөлімде сол құндылықтарымызды дәріптеудегі негізгі механизмдер келтірілген.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың сара ойлары, өміршен, заман талабына сай ұлттық, мемлекетті қалыптастыруға бағытталған. Көкірегі ояу әр азамат осы мақала аясында тек өз тарихын толыққанды білудімен шектелмей, соны шығармашылық түрде насихаттауға мүмкіншілігі туады. Ал бұл өз кезегінде ғалымдарға жаңа мүмкіншіліктер мен шығармашылық табыстар әкеледі.

**Саулет САХНЕВ,**  
«Жас ғалымдар альянсы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі.

### BRIFING

## БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАБЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы Ұлбосын Аханасванын қатысуымен брифинг өтіп, онда аймақ тұрғындарының биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары жайлы айтылды.

Айнур БАТТАЛОВА.

— Біздің алдымызға қойылған негізгі міндеттің бірі — тұрғындардың биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл орайда біздің өңір аса қауіпті оба, тырысқақ, сібір жарасы, құтырма, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруларының табиғи ошағында орналасқан. Осы аурулардың алдын алуға жүйелі жұмыстар атқарылады. Жыл сайын КҚК-дан 1-ден 8 жағдайға дейін аурушаңдық тіркеледі. Биыл 14 жағдай күдікті ретінде тіркеліп, 4-і нақтыланды. Нақтыланған төртеудің біреуі өліммен аяқталды, — деді Ұ.Аханасва.

Эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Конго-Қырым қызбасының алдын алу мақсатында көктемгі-күзгі кенеге қарсы өңдеу жұмыстарына облыстық бюджеттен биылға 202059 мың теңге бөлініп, 35416 қора-жайға, 523679 мал басына дәрілеу жұмыстары жүргізілген. Республикалық эпидкордан 73 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, 127 қолайсыз елді мекен аумағына санитарлық қорғаныс белдеуі жасалған. Ағымдағы жылдың 10 айында 4717 кенес сынамасы зерттеуге алынып, оның 149-нан оң нәтиже анықталған.

# ВЕТЕРИНАРИЯ: ЖАУАПТЫ МІНДЕТКЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖҰМЫС

Ветеринария саласында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, алдын ала егу, диагностикалық тексеру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Облыс көлемінде эпизоотиялық тұрақтылықты сақтауда биыл 5190,4 мың доза ветеринариялық препараттар облысқа толығымен жеткізілді.

Сарып ауруына қарсы диагностикалық тексеру нәтижесінде ауру 57 бас мүйізді ірі қара, 154 бас уақ мал анықталып, ветеринариялық-санитариялық ережелерге сәйкес сойылды.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру мақсатында биылғы тапсырысқа сәйкес, мүйізді ірі қараға — 98,4 мың, түйеге — 9,4 мың, уақ малға — 326,8 мың, шошқаға 2,5 мың дана құлақ жапсырмалары толық жеткізілді.

Адам мен жануарларға ортақ құтыру, эхинококкоз және т.б. аурулардың алдын алу мақсатында үстіміздегі жылы қаңғыбас ит пен мысықтарды аулап, жоюға аудандар мен қала бюджеттерінен барлығы 40,4 млн теңге бөлініп, 20473 бас ит пен мысық ауланды. Қаңғыбас ит пен мысықтар типтік жобадарға мал қорымдары мен инсинератор пештері арқылы жойылуда. Қазіргі уақытта бұл жұмыстар оран әрі жалғасуда.

Халықаралық Эпизоотиялық Бюроның қойып отырған бірден-бір талабы — мал қорымдарының типтік жоба бойынша салынуы. Облыс бойынша мал қорымдарының жалпы саны 146 болса, оның ішінде

ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес келетін 71-і типтік жобадан салынған. Облыстық мәслихаттың өткен жылғы шешімімен облыстық бюджеттен мал қорымдарының құрылысына кезең-кезеңімен қаржы бөлу туралы шешім қабылданып, қалған 75 қарапайым шұңқыр осы жоба бойынша салынатын болды. Айта кету керек, биыл 4 типтік жобадарға мал қорымын салуға облыстық бюджеттен 56,4 млн теңге қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Салада құжаттарды электронды форматта дайындау ісі қарқын алды. Ауыл шаруашылығы жануарларының кіріс-шығысы қатаң бақылауға алынған. Жыл басынан бері 29615 дана (1-үлгі — 18988, 2-үлгі — 9885, 3-үлгі — 742) ветеринариялық анықтамалар «Бірнәғай» автоматтандырылған басқару жүйесі» арқылы берілді.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша, облыс көлемінде 2017-2018 жылдары ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметтермен айналысу үшін 20 нысан (вет.аптека, ветеринариялық қызмет көрсету орындары) салық органына тіркеліп, 37 адам жұмыспен қамтылып отыр.

Ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын объектілерге үстіндегі жылы 40 есептік нөмір беріліп, мемлекеттік қызмет көрсетілді.



Облыс бойынша тіркелген мал сою (34 алаң, 4 пункт) нысандарында жыл басынан бері 12034 бас мүйізді ірі қара, 1827 бас уақ мал, 1470 бас жылқы, 194 бас түйе, 24 бас шошқа ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай сойылып, ішкі сауда және басқа орындарға жіберілді.

Үстіміздегі жылы, облыс бойынша ветеринария саласындағы заң бұзушылықтарға 16 айыппұл салынып, 926 нұсқама берілді.

Биыл облыс бойынша тіркелген 67 сібір жарасы ошағының 60-ы нақтыланды. ҚР ҰЭМ 25.02.2015 жылғы №136 бұйрығының талаптарына сәйкес 60 ошақ қоршалып, қауіпсіздік белгісі қойылды

және республикалық деңгейде топографиялық карталары түсірілді. Тиісті іс-шараларды жүргізу үшін жергілікті бюджеттен 47,1 млн теңге қаржы бөлінді.

Облыс бойынша биыл Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының ошағы болып 127 елді мекен (Арал — 30, Қазалы — 5, Қармақшы — 17, Жалағаш — 14, Сырдария — 10, Шиелі — 25, Жаңақорған — 19, Қызылорда — 7) тіркелген. Осы елді мекендердегі мал саны, қора, суат, шаңлақ көлемі нақтыланып, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасына ұсынылды. Аталған басқарма тарапынан анықталған мердігер мекемелер көптеміз және күзгі залалсыздандыру жұмыстарын толық жүргізді.

Сонымен қатар, кенеге қарсы ұсақ мал басын ванналарда тоғыту жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді.

Сондай-ақ, кенеге қарсы ветеринариялық препараттарды (ивен, ивермектин, ивермек, т.б.) қолданудың тиімділігі жөнінде түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Мал иелерінің өз қаржысы есебінен 333521 бас ауыл шаруашылығы жануарлары кенеге қарсы ветеринариялық препараттармен алдын ала егілді.

Облыстық ветеринария басқармасының ұйымдастыруымен тиісті мекеме басшылары, мамандары бірлесіп, жануарлар мен адамға ортақ зооантропонозды аса қауіпті жұқпалы аурулардың және Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу, болдырмау мақсатында аудан-

дарда (қала) көшпелі мәжілістер мен семинарлар өткізілді.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында «фермадан үстелге дейін» қағидатына сәйкес, ветеринариялық қызметтің вертикаль жүйесі құрылды.

Осыған байланысты, бақылау-қадағалау функциялары жергілікті атқарушы органдардан ветеринария саласындағы уәкілетті органдарға қайта берілді. Заң жобасы әзірленуде. Бүгінде Ауыл шаруашылығы министрлігінде осы заңға сәйкес аудан, қала әкімдігінің күшімен ветеринариялық станциялар ветеринариялық іс-шараларды атқару, облыстық ветеринария басқармасы ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтермен және қажетті препараттарды сатып алумен, жеткізумен айналысатын жүйе құру жоспарлануда.

Сонымен қатар, сырттан келетін экзотикалық жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу, вакцина қолданылатын және вакцина қолданылмайтын аймақтар арасында ауыл шаруашылығы жануарларының қозғалысына қатаң бақылау орнату мақсатында Ақтөбе облысымен шекаралас Арал ауданында, Қарағанды облысымен шекаралас Қызылорда қаласында және Түркістан облысымен шекаралас Жаңақорған ауданында ветеринариялық бақылау бекеттері ашылғаны болады.

Салада сапалы маман даярлау ісі де жолға қойылған. Облыс әкімі жанындағы басым жобалар бойынша облыстық ветеринария басқармасы

тарапынан «Студенттерді сапалы маман ретінде даярлау және жетілдіру» жобасы әзірленді.

Жоба облыстық жобалық кенесден, облыс әкімі жанындағы басым жобалар бойынша эксперттік кенесен қолдау тауып, үздік деп танылды. Сонымен қатар, басқа да мемлекеттік мекемелерге осы жоба тәжірибе алмасу мақсатында ұсынылды.

Бұл жоба аясында И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық техникалық жоғары колледжін биыл бітірген 36 жас маман 15 тамыздан бастап ветеринариялық үйірмеде жастар практикасынан өтіп, жобаны басқару кестесіне сәйкес, барлығы жұмысқа орналасатын болады.

Сонымен қатар, Елбасы Жолдауына сай облыста «Smart city» тұжырымдамасы аясында басқарма тарапынан «MOBI-Vet» мобилдік қосымшасының жобасы әзірленіп, облыстық жобалық кенес отырысында қолдау тапты.

Жобаның мақсаты — шаруа қожалықтары мен мал иелеріне ветеринариялық іс-шаралардың жүзеге асуы және басқа да жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтер беру. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы жануарларын алдын ала егу, диагностикалық тексеру, бірдейлендіру жұмыстарын уақытылы орындауға эпизоотиялық тұрақтылықтың сақталуына игі әсерін тигізеді.



# ЕЛ ҚАЗЫНАСЫНА ҮНЕМ, БИЗНЕСКЕ МҮМКІНДІК



Облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының мәліметі бойынша, өңірімізде экономиканың барлық салаларында 75 мемлекеттік-жекеменшік жоба жүзеге асу барысында. Оның ішінде денсаулық сақтау саласында – 30, денешынықтыру және спорт саласында – 12, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында – 10, білім саласында – 7, цифрландыру бойынша – 6,

жол ауыштырғыш және автомобиль жолдары саласында – 5, мәдениетте – 2, әлеуметтік қамсыздандыру, қоғамдық тәртіп және экология салаларында 1 жобадан бар.

Бүгінгі таңда 25 жоба, атап айтқанда: 12 дәрігерлік амбулатория, 4 денешынықтыру-сауықтыру кешені, облыс орталығында 400 келушіге арналған емхана, Жалағаш ауданы Таң ауылдық округіндегі балабақша, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде инклюзивті балабақша, арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін шағын үй, облыс орталығындағы



№101 мектептің бу қазандығын қайта жаңғырту, облыс мектептерін компьютерлендіру, биыл облыстық медицина орталығы мен Қазалы аудандық ауруханасында ангиограф орнату, Шиелі ауданындағы индустриалдық аймаққа электр желісін тарту жобалары бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестік келісім-шартына қол қойылған.

Ел игілігіне пайдалануға берілген жобалар аз емес. Мәселен, спорт саласы бойынша облыс орталығындағы «Тарлан» спорттық-сауықтыру кешенінде 350 бала спорттың үш түрімен

шыныға алады. Жақында Жаңақорған ауданы, Сүттіқұдық ауылдық округінде 150 орындық спорттық-сауықтыру кешені және Шиелі ауданы Гигант ауылында да дәл осындай нысан пайдалануға берілді. Атап айтқанда, екі жыл ішінде өңірде 16 спорт ғимараты іске қосылса, соның 9-ы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынды.

Денсаулық саласы бойынша облыс орталығында бір мезгілде 400 келушіге арналған емхана, Сырдария ауданы Ақжарма елді мекенінде дәрігерлік амбулатория пайдалануға

берілсе, Арал ауданының Бекбауыл, Қазалының Өркендеу елді мекенінде дәрігерлік амбулаторияны жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің денсаулық саласы үшін тағы бір жаңалығы – облыстық медициналық орталықта және Қазалы аудандық орталық ауруханасында

Білім беру саласы бойынша 2013 жылдан бастап аталған әріптестік негізінде жұмыс істейтін балабақшалар саны 2 есеге артып, 71 пайызды құрады.

Ал, 9 мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жоба бойынша жеке әріптестік айқындау мақсатында конкурс жұмыстары жүргізілуде. Бұл – Арал ауданында әлеуметтік нысан-



ангиографиялық зертхана құру туралы келісім шартқа қол қойылғандығы. «Ангиографиялық зертханалардың құрылуымен қатар, алғаш рет аудандық аурухана деңгейінде эндоваскулярлық хирургия енгізіледі, бұл жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолжетімді етуге мүмкіндік береді» деген болатын облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.Әліназарова. Жалпы, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша 75 жобаның 30-ы, яғни 40 пайызы денсаулық саласының еншісінде.

дарды газдандыру бойынша 2 жоба, көшелерді күтіп ұстау, ағымдағы жөндеу бойынша 3 жоба, Ақсай полиция бөлімінің құрылысы, «Қызылорда су жүйесі» сенімді басқаруға беру, облыстық медицина орталығында нитерацияланған операциялық жүйені орнату, облыс орталығында 200 орындық жатақханасы бар 600 орынға арналған колледждің құрылыс жобалары.

Мұнан бөлек, 41 жоба бойынша құжат дайындау жұмыстары жүргізілуде.

1-бет.

## MEREI

Бүгінгі кейіпкеріміз Әнуарбек Қалтаев еңбек жолын қарапайым шопан болудан бастап, Сырдария ауданындағы «СССР-дың 50 жылдығы», «1 Май» кеңшарларының директоры болды. Кейінгі жылдары Жаңақорған ауданының әкімі, облыс әкімінің кеңесшісі болған азамат бұл күнде 70 жасқа толып отыр.

Әнуарбектің балалық шағы қазыналы Қаратаудың қапталындағы Қосүйекі ауылдық округіне қарасты Ынтымақ елді мекені Құланшы өзенінің бойында өтті.



## ҚҰЛАНШЫДАН ШЫҚҚАН ҚАСҚА ЖОЛ

Тектілік арғы ата-бабалардан дарыды, жас күнінен тіршілікке бейім болды, еңбекті сүйіп өсті. Білімге деген құмарлығы ерекше болатын, 1966 жылы Қызылорда қаласындағы малшы балаларына арналған мектеп-интернатты күміс медальмен бітірді.

Албаты бозбаланы арман Ала-тау бөктеріндегі Алматыдағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына білім алуға жетеледі. Арманы орындалып, 1972 жылы ғылым-зоотехника мамандығы бойынша институтты бітіріп, сол кезде жаңадан ашылған Қызылорда қарақол қой шаруашылығына ғылыми қызметкер болып қабылданады.

Бала кезінде Құланшының суын кешіп, жайлауда қой баққан, Еңбек саласа озық тәжірибені өңіген маманың бірі болды.

Талапты жасты аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Еламан Жүнісбаев 1974 жылы «Аманкелді» кеңшары директорының орынбасары қызметіне, кейін «СССР-дың 50 жылдығы атындағы» кеңшар директоры қызметіне тағайындады, ол қызметті 1992 жылдың наурыз айына дейін абыроймен атқарды.

Осы жылдары совхоздың экономикасы дамып, әлеуметтік жағдайы нығайды. Мал тұқымын асылдандыру жұмыстары жолға қойылып, сүр қарақол қойын өсіру қолға алынды, шаруашылыққа асылтұқымды ірі қара, түйе туліктері әкелінді. Мәлдин жем-шөп базасын нығайту мақсатында 500 гектар жер инженерлік жүйеге келтірілді. Бір мезгілде 2,5 мың бас қойды бордақылайтын мал бордақылау кешені іске қосылып, жем-шөп дайындау шехы жана агрегаттармен толықтырылды. Ауыл тұрғындары картоп, көкөніс, бақша дақылдарын өсіруге маманданды. Кеңшар алғашқылардың бірі болып ішкі шаруашылық есеппен жұмыс істеуге көшірілді. Шаруашылық орталығы – Бесарық ауылы көркейіп, көгалдандырылды. Ауылда жылына 20-25 тұрғын үй, көптеген қой қоралары салынып пайдалануға беріліп отырды. Құрылыс материалдарын дайындау жолға қойылып, жылына 1 млн дана кірпіш дайындалып агрегат іске қосылды. Кеңшар Бүкілодақтық жарыстың бірнеше дүркін жеңімпазы болды.

Оның тәжірибесі ескеріліп, 1992

жылдың наурыз айында Сырдария ауданындағы ірі қой шаруашылығы «1-Май» кеңшарына директор болып тағайындалды. Шаруашылықта қой саны 70 мың басқа, аналығы 48 мыңға дейін жететін. Жаз айларында төлімен қосып есептегенде 100 мың басқа дейін жетіп, мыңғырған мал Сарысу бойына сыйыспай Жезқазған облысының аумағына дейін жайлайтын. Кеңшарда қойдан басқа 2,5 мың бас жылқы, 500 бас түйе, 500 бас сиыр өсірілді. Осындай ірі шаруашылықты басқару, әрине, оңай болған жоқ. Мол тәжірибесі мен білімінің арқасында ол директорлық қызметті 1995 жылдың қазан айына дейін абыроймен атқарып, шаруашылықты жекешелендіріп, өндірістік кооперативке айналдырды. Осыдан кейін 1995-1997 жылдары аудандық деңгейде бірқатар лауазымды қызметтер атқарды. Сырдария ауданының ауылшаруашылық басқармасының бастығы, аудан әкімінің орынбасары болды. 1997-2006 жылдары Қызылорда қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы болып, қала іргесіндегі ауылдық округтер мен елді мекендердің экономикасының дамып, әлеуметтік жағдайларының жақсаруына зор үлес қосты.

Өнекең жергілікті депутаттардың дауыс беруімен 2006 жылы Жаңақорған ауданына әкім болып сайланып, ол қызметті 2008 жылға дейін атқарды. Ал 2008-2011 жылдары облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бастығы, облыс әкімінің кеңесшісі, Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің директоры болып жұмыс жасады. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10, 20 және 25 жыл мерекелік медальдарымен марапатталды.

Өнекең бүгінде зейнеткер, еңбек ардагері, жолдасы Айман екеуі 5 ұл-қызды өсіріп, олардан өрген 13 немеренің сүйікті ата-әжесіне айналды. Жетпіске аяқ баспа да жастарды тәрбиелеуге атсалысып жүрген азамат.

**Нұрлыбай ҰЛЫҚБАНҰЛЫ,**  
облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы.

## БАЙҚАҰ

### ҚАРТ – ҚАЗЫНА

«Үйінде қартың болса, жазулы тұрған хатпен тең» деп қазақ бекер айтпаса керек. Облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Қазақтың даналық, ғибратты сөздері» атты облыстық байқауға қатысқан қарияларда айтылар әңгіме, шертілер шежіре жеткілікті екенін байқадық.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

«Сыр елі – жыр елі» атанған өлкемізге қатысты бұл теңеу мен «Сырдың елі – сұлу да сара сөздің селі, өнердің кені» дегенді қосар едім. Сөз – тәрбие, тағлым. Олай болса, бүгінгі шараның жастарға берер тәлім-тәрбиесі мол», – деді байқаудың ашылуында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев.

Ардагерлердің барлығы да ел аузындағы тәлім-тәрбиесі мол әңгімелерді, даналық сөздерді, би-батырлардың

өсиет сөздерін шұрайын келтіре айтты, көрерменге рухани демалыс сыйлады. Айта кетелік, көрермендердің дені жастар екендігін ескерсек, бұл шараның кейінгі буын үшін тағлымды болғаны рас. Байқау қорытындысымен I орынды жаңақорғандық ардагер І.Нұрзілдаев жеңіп алса, II орынды Арал ауданынан келген Ж.Нұрғабайов иеленді. III орын шиелілік Ұ.Жәнібекова мен Қызылорда қаласынан қатысқан М.Бәйімбетовке бұйырды.

«Достық үйінде»  
Өзбекстанның  
Қазақстандағы  
жылна орай  
«Қаны бір елім,  
жаны бір елім»  
атты концерт  
өтті.



## ӨЗБЕК ӨНЕРПАЗДАРЫНЫҢ СЫРҒА САПАРЫ

Меірамқұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Шараның мақсаты – Навои облысы мен Сыр елі халқының достығын бұдан әрі дамыту, өзбек халқының тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрін насихаттау, түрлі этностардың рухани және эстетикалық құндылықтарына толерантты көзқарас қалыптастыру мен ұлтаралық қатынастарды нығайту. Өзбек елінен келген топты Навои облысы әкімінің орынбасары Улугбек Сафаров бастап келді.

– Сыр өңіріне бірінші келуім. Маған халықтың қонақжайлығы қатты ұнады.

Бізді жылы қабылдады. Мәдениетіміз, салт-дәстүріміз ұқсас келеді екен. Биыл ел тәуелсіздігіне 27 жыл толса, екінші жағынан Өзбекстанның Қазақстандағы жылы үлкен ауқымда тойлануда. Айтулы қос мереке қарсаңында қазақ жеріне табан тіреп, өз өнерімізді паш еткіздік. Бұл біздер үшін үлкен мәртебе, – деді У.Сафаров.

Навои облысынан өңірге 20-дан астам өнерпаз келді. Кеште Өзбекстандағы қазақ аншпленінің әндері шырқалып, өзбек халқының ұлттық билері орындалды. Осылайша, екі ел арасындағы достық дәнекері тағы бір жарқын көрініс тапты.

## KÖRME

Қызылорда қаласындағы көркемсурет галереясында Түркістан облысындағы «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің «Киелі Отырардың қасиетті мұралары» атты көрмесі қойылды.

## ОТЫРАР МҰРАСЫ



Сара АДАЙБАЕВА.

Көрменің ашылу салтанатында облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы, филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов Елбасының жақында жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында археология саласының болашақтағы бағдары жайында қамтылғанын айтты.

Тарихы терең Отырар жайында ой қозғай келе, ондағы құнды жәдігерлерді Сыр жұртшылығына ұсынған музей ұжымына алғысын білдірді. «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық музейінің бұл жобаның басталатынын жеткізді.

– Бұл көрме жетінші рет өтіп отыр. Отырар тарихынан сыр шертетін дүниелерді жергілікті тұрғындарға насихаттау мақсатында өткізілетін

көрме шет мемлекеттерде де ұйымдастырылуда, – деді ол.

Сондай-ақ, жиндыла бас қор сақтаушы «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің колөнер шеберлері жасаған туындыны тарту етті.

Археологиялық қорық-музейі көрмесіне келгендер Х-ХVIII ғасырларға тән археологиялық тұрмыстық бұйымдар, нумизматикалық және зергерлік заттар, қару-жарақ түрлері, әйгілі Қожа Ахмет Йсауидің ұстазы атанған Арыстанбаб және оның кесенесі туралы тарихи деректемелермен танысты. Көрмеде барлығы 200-ге жуық жәдігер ел назарына ұсынылды.

Жалпы, «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейі 1979 жылы ашылған. Музейдегі 25 мыңнан астам құнды жәдігердің барлығы дерлік тұпнұсқа. Музей қорында V-XVIII ғасыр аралығын қамтитын жәдігерлер сақталып.

### Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті басы құрамының азаматтары жеке сұрақтармен қабылдау кестесі

| № | Лауазымы  | Аты-жөні, тегі, ішні,                              | Қабылдау күндері, уақыты                             |
|---|---|--|--|
| 1 | Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы            | Отарбаев Ганибек Сырмағанбетұлы, әділет полковнигі | Аптаның сейсенбі күні, сағат 16:00-18:00             |
| 2 | Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті бастығының орынбасары | Тұрсынбаев Талат Қуанышұлы, әділет майоры          | Аптаның дүйсенбі, сәрсенбі күндері сағат 16:00-18:00 |
| 3 | Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті бастығының орынбасары | Өбдіқайыров Жүніс Өтегенұлы, әділет подполковнигі  | Аптаның бейсенбі, жұма күндері сағат 16:00-18:00     |

### СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әлеуметтік нормаларын және міндеттік қарғандарын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы талаштарының орындалуы және ҚР-ның 18.11.2015 жылғы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1402 бірінші сөзі телефон және «ҚР ІІМ ҚАЖ комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің 8(7242)-23-47-19, 8(7242)-23-48-07 сөзі телефондары жұмыс істейтінін хабарлаймыз.

### Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

| Басшының Аты-жөні, тегі және лауазымы                         | Қабылдау күндері | Қабылдау уақыты | Байланыс телефоны    |
|---|------------------|-----------------|----------------------|
| Қойшыбаев Шахмардан Сұлтанбекұлы (басқарма басшысы)           | Бейсенбі         | 16.00-18.00     | 60-53-32             |
| Нұрманов Қанат Жұмағамбетұлы (басқарма басшысының орынбасары) | Жұма             | 17.00-19.00     | 60-53-32<br>60-53-31 |

### Хабарлама

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорте» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (18-36-03) «Кетеказған кенішіндегі №17, 18, 22, 23, 24, 35, 36, 37 ұңғымаларға баратын кірме автожолдар» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттамадың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. **Анықтама алу телефоны (7242) 29-91-92.**

«Сыр бойы», «Қызылорданың өңірі», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басқарушыларына хабарландыру орналасатынын кесте: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС басшылығы, кәсіподақ комитеті және ұжымы серіктестіктің бас механигі Юсупов Қайрат Измаханұлына ағасы **Болат Измаханұлы Юсуповтың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



## MEREI

## ҰЛЫ ДАЛА МҰРАҒЕРЛЕРІ

Өткен санда аймақтағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 5 жылдығына орай мақала жариялаған едік. Жуырда сапалы білім берудің флагманына айналған мектептің оқушылары Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында «Ұлы дала мұрагерлері» атты шығармашылық кешін өткізіп, білім ордасының тыныс-тіршілігін сахналық қойылым арқылы көрермен назарына ұсынды. Салтанатты шараға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов арнайы қатысып, мектеп ұжымына облыс әкімінің ыстық ықыласын жеткізді.



## Мәлім ҚАЛЫМБЕТ.

— Астана қаласының — 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығымен сәйкес келген химия-биологиялық

бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 5 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Даналардың түлеп ұшар тұғыры, білімнің сарқылмас көзі — мектеп. Бұл ретте Назарбаев

зияткерлік мектебі бүгінгі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, зерек ойлы өрендерді тәрбиелеуге сүбелі үлес қосып келеді. Аймақтың барлық мектептеріне үлгі болар қошбасшы

білім ордасынан тәуелсіз Қазақстанның, Сыр өңірінің дамуына аянбай еңбек етіп, тер төгетін елқанды азаматтар шығады деген сенімдеміз, — деді Наурызбай Сейіткалиұлы.

Облыстық мәслихат хатшысы Елбасының кезекті Жолдауының басты аспектілерінің ішінде білім саласына ерекше мән берілгенін де атап өтті. Облыста саланы дамыту қарқынды жүріп

жатқанын, биыл жаратылыстану-математика бағытындағы 649 мұғалім ағылшын тілін оқыту курстарында біліктілігін арттырып, аймақтағы 46 инновациялық мектеп биология, химия, физика, информатика пәндерін ағылшын тілінде пилоттық зерттеуге кіріскенін және 104 мектепте элективті курс есебінен осы пәндерді оқыту элементтері енгізілгенін хабарлады.

Өрі қарай оқуда озат, шығармашылықта шыңдалып үлгерген мектептің хор ұжымы, хореография, домбыра, актерлік шеберлік үйірмесінің балалары өнерін көрсетті. Танымал жырау Марат Сүгірбаймен бірге жырлан шашып, тыңдарманды таңдай қақтырды. Ал жас өрендер көрмесінде топырақты мұнай қалдықтарынан тазарту, жалынды микротолқын әдісімен өшіру, арзан электр көзін алу сынды ғылыми жұмыстар қойылды. Бұдан бөлек, балалардың қолынан шыққан токмама бұйымдар, ағаш-металл және пластик материалдардан дайындалған дүниелер көптің көңілін шықты.

Бес бөлімнен тұратын бұл шараны мектеп директоры Бақыт Жұматай қорытындылады.

## ҚҰЛҚАЛАМ

## ҒАРЫШ АЙЛАҒЫНДАҒЫ ҒАЛАМАТ СУРЕТШІ

Шығармашылық адамның айнымас мұраты — елге рухани ләззат сыйлау. Ақын-жазушылар кітабы, тылсымы мол бейнелеу өнерінің өкілдері қылқаламы арқылы құнды дүние қалдырады. Осы міндетті адал атқарып жүрген айгіл ғарыш айлағының тұрғыны Жайлаубай Байсаловпен диалогта сөзін тастады.

Хабарласып, жолығатын уақытты белгіледік. Келіскен мерзімде қаладағы көркем өнер мектебіне келдім. Кіребірісті күзетші кабинетті нұсқады. Айтылған жаққа аяндап басып, кіре бергенім сол еді алдыман ағамыз күтіп алды. Сабақ жүргізіп отыр екен. Оқушы қыздары сурет салып отыр. Қабырғада «Жайлаубай Байсалов, Байқоңыр қаласы» деп мөрленген суреттер ілініп тұр. Бәрі де ғарыш айлағының қазіргі, бұрынғы тарихынан сыр шертіп тұр. Суретші әңгімесін әріден қозғалды.



дым. Мектептегі математика, арифметика сабақтарымен қоса сурет сабағы да жүретін. Сол кезде «неге осы бірінші сурет сабағы болмайды екен» деп қиялдайтын едім. 1976 жылы мектеп бітірдім. Сурет мұғалімі атымен жоқ-тын. Кейін құжат тапсырып, Шымкенттегі Әбілхан Қастеев атындағы колледжге оқуға түстім. Ол кездегі балалар сабаққа ынты-шықтымен қарайтын. Өйткені, оқымайтын баланы оқудан шығарып жіберетін. Қазіргідей бармақ басты, көз қысты әрекеттер көп бола бермейтін.

Бала қиял әртүрлі бейнелерді түсіре берді. Ойын баласы әр кез сурет өнеріне деген құштарлығын әр ісімен танытып жүрді. Есік алында ойлап отырып, қолына үшкір зат алып құмға, ағашқа ойып тұрып сурет салады екен. Сырдарияның жиегіне барып, құмнан мүсіндер жасап ермек қылған.

— Көбіне ғарыш тақырыбында, Байқоңыр қаласы жайында, суреттер саламын. Қыста шаңамен су тасимыз. Соның өзі маған ауыр жұмыс емес, ойын баласының күнделікті тірлігі сияктанып кеткен еді. Содан алған әсерімді ақ паракка түсірдім.

Жақинда көптен бері кездеспеген беле апам сәлем беруге барған болатынмын. Сонда апамның айтқаны бар еді. «Бұрын демалыста анаң апамның үйіне тастап кететін. Сонда сені ойнататынмын. Бір байқағаным, қабырғаға сурет салатын едің. Оған ашуланған апам ұратын. Бірақ меселің қайтпайтын, сол суретті сала беретін едің», — дейді апам. Ойлап қарасам, сурет өнеріне құштарлық балалықтан басталған екен.

Суретші көркем сурет мектебінде бала оқытады. Шығармашылықты — өмірде көргенінді қорытындылау деп түсінетін ол туындылары арқылы адамдарды жақсылыққа, мейірімділікке шақырады.

Бейнелеу өнері майлы бояудың иісі ғана емес ол сезім мен көңілдің ұштасуы. Қап-қара аспан, мүлгіген тыныштық, жымылдаған жылдыздар. Мұны қағазға түсіру үшін қандай бояу керек? Ең бастысы қайсысы болмақ? Ешқайсысы да емес жүрек дірілі керек шығар. Иә, табиғаттың жүрек дірілі!

Думан КЕНШІЛІК.  
Байқоңыр қаласы.

## ҚОЛӨНЕРДЕН ДЕРТІНЕ ШИПА ТАПҚАН



Тағдыр тауқыметіне қарамастан, қоғамда өз орнын тауып, тіпті өзгелерді жұмыспен қамтып отырғандар жетерлік. Солардың бірі — Жаңақорған ауданының тумасы Айгүл Заирова.

## Сара АДАЙБАЕВА.

Ол бала күнінен тігін тігуге икемді болған. Қызығушылығы шеберге шабыт сыйлады. Тағдырдың сынына да осы арқылы қарсы тұрды. Жанына батқан дертіне шипа берді. Айгүл — үшінші топ мүгедегі. Бір кездері икем-

ге келмей қалған қолы тігін тігуді қайта қолға алғанда қалпына келді. Оған ісерлік өнер өзінің әжелерінен дарыған екен. Өз уақытында ол кісілер елге белгілі қолөнер шеберлері атаныпты. 2011 жылы қолөнерге біржолата

ден қойды. Айгүл ізденімпаз жан. Елімізге белгілі қолөнер шеберлерінің онлайн-курстарына қатысып, білімін жетілдіреді, тәжірибе жинайды.

Кейіпкеріміз құрақ құраудың ерекшеліктерін, жанаша әдістерін зерттеп, өзіндік өрнегін қалыптастыруды қалайды. Осы мақсатта жеке «Ақ шаңырақ» цехын ашты. Заман талабына сай тігін машинасын алды. Бүгінде ісі алға басып келеді. Көбіне құрақтан көрпеше, жастық пен киім тігуге ұсыныс түседі. Тұтынушылар шебердің еңбегіне дән риза. Себебі, сапалы әрі жауапкершілікпен орындайды.

Ол «Бастау-Бизнес» жобасы жайлы естіп, білімін жетілдірді. Жобаның басты мақсаты — жұмыспен қамтып отырған тұрғындарды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тарту арқылы ауыл тұрғындарының экономикалық белсенділігін арттыру. Бүгінде шебер перде тігу ісін үйіреніп жатыр. Оған қоса сәнді қазакы ою-өрнектермен көмкеруді де қолға алмақ. Айгүл енді алдағы уақытта тапсырыс аясын кеңейтіп, соңына көмекші алуды жоспарлап отыр. Сонымен бірге өзі секілді қолөнерге қызығатын жастарға шеберлік сағаттарын

ұйымдастырмақ ниетте.

— Бүгінде екінші бірі құрақ құраумен айналысқаныммен, сырған жігі түсіне бермейтіндер бар. Құрақ көрпеше, көрпе, жастықтар көбінесе қыздың жасауына қосылады. Бұл жаңадан шаңырақ көтерген жастардың басы құралсын деген ырымнан туған. Сондай-ақ, құрақ құрау қыз-келіншектерді сұлулықпен сырласуға, бояулар әлемін танып, түйсінуге үйретеді. Адамды шыдамдылыққа, үнемілікке, шеберлікке үйретсе, адам бойындағы бұл қасиеттер қас шеберді тәрбиелеп, дарыны мен білімін арттыруға мүмкіндік береді, — дейді ол.

Тамыз айында А.Заирова Қызылорда қаласындағы Кәсіпкерлер үйінде «Өзіне сене баста!» атты мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлердің өнімдерін қойылған облыстық көрме-байқауына қатысты. Онда облыс әкімі байқау жеңімпаздары мен қатысушыларын марапаттады. Көрме-байқауға қатысушылар — жігері мұқалмай, қиындыққа қарамастан ісін бастап, кәсіпкер атанғандар. Тіпті өзгелерге қол ұшын созып, қолдау көрсеткендер. Шебер осы шарада өзге кәсіпкерлермен танысып, тәжірибе алмасты.

ҚҰРАМЫНДА СЫНАП БАР ЭНЕРГООУНЕМДЕГІШ ЛАМПАЛАРДЫ ПАЙДАЛАҒАНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН САҚТАҒЫЗДАР

ШАҒЫН ЖӘНЕ ҰЗЫНША ТҮРДЕГІ ЛЮМИНЕСЦЕНТТІК ЛАМПАЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА СЫНАП БҰЛАРЫ БОЛАДЫ. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫН САҚТАҒЫЗ.

ҚҰРАМЫНДА СЫНАП БАР ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚҰРАЛДАРДЫ АРНАЙЫ КОНТЕЙНЕРГЕ САЛҒЫЗЫ!

**Hg**

**ОСТОРОЖНО, РТУТЬ. АБАЙЛАҒЫЗ, СЫНАП.**

КОМПАКТНЫЕ И ЛИНЕЙНЫЕ ЛЮМИНЕСЦЕНТНЫЕ ЛАМПЫ СОДЕРЖАТ ПАРЫ РТУТИ. СОБЛЮДАЙТЕ ТЕХНИКУ БЕЗОПАСНОСТИ!

КЛАДИТЕ ИСПОЛЬЗОВАННЫЕ РТУТЬ СОДЕРЖАЩИЕ ПРИБОРЫ В СПЕЦИАЛЬНЫЕ КОНТЕЙНЕРЫ!

1200 мм ДЛИНЫ ДО 1200 мм  
СЫЗЫҚТЫҚ ЛЮМИНЕСЦЕНТТІ ШАМДАР ҮШІН  
ДЛЯ ЛИНЕЙНЫХ ЛЮМИНЕСЦЕНТНЫХ ЛАМП

600 мм ДЛИНЫ ДО 600 мм

Если разбить какой-либо из этих типов ламп, это может повлиять под угрозу жизнь человека. Если оно будет сломано или выброшено в ящик для мусора, то через скол стекла в атмосферу прорывается пар ртути. Классификация ртутных токсичных веществ относится к группе «А», что очень токсично. Пар ртути вещество без запаха, и когда вдыхают пары ртути с концентрацией ртутных паров всего 0,25 мг / л/м³, то пар ртути остается в легких и поражает печень, почки, нервную систему, а также пищеварительный тракт человека. Следует иметь в виду, что только 3 мг ртути наносит большой ущерб не только человеческой жизни, но и почве и воде, то есть окружающей среде. Доказано, что ртуть с одной ртутьсодержащей лампы увеличивает долю вредных веществ в 10 раз больше обычной нормы.

## Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі  
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі —  
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары — 70-00-43  
Жауапты хатшы — 70-00-81

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат — 70-00-64, 70-00-41  
экономика — 70-00-41, 70-00-68  
аурумет және саясат — 70-00-73  
жарнама — 70-00-49, 70-00-52  
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38,  
компьютер орталығы және корректорлар — 70-00-34

Газет аптасына 3 рет  
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» — ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28687  
Тапсырыс №1886